

Б.К. Адамбек

*Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қазақстан  
(E-mail: adambekb@bk.ru)*

## 1917 жылғы Ресейдегі Ақпан революциясы

Мақалада 1916 жылдың аяғында Ресей империясында сыртқы және ішкі жағдайларға байланысты революциялық ахуал қалыптасқаны дәлелденді. Оның басты себептері ретінде мемлекеттегі саяси дағдарыс халықтың әлеуметтік жағдайының нашарлауы, Ресейдің Дүниежүзілік соғысқа қатысуы, елдегі ұлт-азаттық қозғалыс, самодержавие және оның үкіметінің дәрменсіздігі нақты көрсетілді. Сонымен қатар автор, көптеген тарихи деректерге сүйеніп, Ақпан революциясының басталуын, дамуын және жеңіспен аяқталуын, Ресейдегі самодержавиенің құлауын және буржуазиялық уақытша үкіметінің билікке келіп, елде демократиялық процестерге жол ашқанын баяндайды. Ұсынылған мақалада 1917 ж. Ресейдегі Ақпан революциясының тарихи маңызы объективтік түрде айшықталды.

*Кілт сөздер:* революция, кеңес, Дума, үкімет, ереуіл, соғыс, комитет, демократия, партия, әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, қоғамдық және ұлт-азаттық қозғалыс.

Ресей армиясының Бірінші дүниежүзілік соғыстағы сәтсіздіктері елдегі әлеуметтік-экономикалық дағдарыс, қоғамдық және ұлт-азаттық қозғалыс, тағы басқа жағдайлар 1916 жылдың көктемінен бастап радикалдық оппозицияның белсендігін күшейтті. Наурыз айында жартыжылдық үзілістен кейін IV Мемлекеттік думаның отырыстары басталды. Бірақ оппозиционерлер енді көбінесе қоғамдық ұйымдарға сүйене бастады. Олардың ішінде земствоның, қалалардың одақтары, әскери-өнеркәсіп комитеттері, кооперативтер, жұмысшылар мен шаруалар ұйымдары болды. Ең соңында, осылардың негізінде мамыр айында Одақтар Одағы құрылды. Бұл орган, шын мәнінде, өзіне үкіметтің өкілеттігін алды. Ал оның төрағасы болып кадет, белгілі масон М.Федоров сайланды. Кеңестер Одағына көптеген масон ложаларының мүшелері қатысты және олар әртүрлі партиялардың өкілдері болды. Соған қарамастан, Одақ мүшелері төңкеріс арқылы патшаны тақтан тайдырып, оның орнына баласы Алексейді қойғысы келді. Осы жоспармен белгілі қайраткерлер П.Милуков, А.Гучков, С.Шидловский, А.Шингарев, И.Годнев, Н.Некрасов, М.Терещенко және тағы басқалар таныс болды [1; 72].

1916 ж. 25 қазанда Мәскеуде өткен губерниялық земстволық управалар құрылтайы реакциялық үкіметті ауыстыру туралы қаулы қабылдады. Ал Думадағы депутаттар Штюрмер басқарған үкіметке қарсы шығып, «халық сенімін иеленген» жаңа үкімет құруды талап етті. Осындай ұсыныстарды солшыл партиялардың өкілі А.Керенский және кадеттер көсемі П.Милуков өздерінің сөздерінде толық қолдады. Ең соңында Штюрмер кетіп, оның орнына Министрлер кеңесінің төрағасы болып А.Трепов тағайындалды.

Бірақ министрлерді ауыстыру осымен аяқталған жоқ. Осының өзі басқарушы органдардағы дағдарысты айқын көрсетті. Мысалы, соғыс кезеңінде 4 премьер, 6 ішкі істер, 4 әскери және 4 әділет министрлері қызметін ауыстырды.

Күннен күнге самодержавие Ресей қоғамының қолдауынан айырыла бастады. Тіпті бұрын патша үкіметінің тірегі болып есептелген губерниялық дворяндар ұйымдары енді Думаны қолдайтын өздерінің қаулыларын әр аймақта қабылдай бастады. Осының өзі патшаға ашықтан ашық сенімсіздік білдіргеннің айғағы болды. Осыған орай өзін «әулие» деп жариялап, патша сарайында мемлекеттік іске жағаласқан авантюрист, сібірдің алаяқ мұжығы Г.Распутиннің «қылықтары» да жоғары топтың наразылығын туғызды. Ең соңында, князь Ф.Юсупов пен В.Пуришкевич ұйымдастырған қастандықтың негізінде Г.Распутин өлтірілді.

Сонымен қатар қоғам мен халықтың да сәтсіз жүріп жатқан соғысқа көзқарастары өзгере бастады. Мысалы, басталған соғысты «Отан соғысы» деп патриоттық сезімдерін көрсеткен философтар И.Ильин, В.Розанов Ресейдің барлық славян халықтарын қосып алуы керек десе, философ И.Бердяев Ресей соғыста жеңіске жетіп, өзінің рухани жаңа келбетін көрсетеді деп жазса, орыс армиясының ірі жеңілістерінен кейін осы адамдармен қатар, басқа қайраткерлер де самодержавиенің соғыс саясатына сын көзбен қарай бастады. Кейбір оппозициялық партиялардың өкілдері Германиямен сепараттық бітімге қол қою керектігін насихаттай бастаса, большевиктердің

көсемі В. Ленин империалистік соғысты азамат соғысына айналдырып, кейін оны революцияға ұштастыруын қолдады. Көпшілік халықтың наразылық білдіруіне азық-түліктің жетіспеуі, қымбатшылық, жалпы әлеуметтік жағдайдың нашарлауы, сонымен қатар соғысқа 15 млн адам шақырылып, олардың 1,7 млн қаза табуы және 7,3 млн мүгедек болуы және т.б. ауыр жағдайлар әсер етеді [2; 56].

Сонымен қатар Ресейдегі саяси дағдарысты Қазақстан мен Орта Азиядағы 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс шиеленістіре түсті. Әсіресе Қазақстандағы көтерісшілерге қарсы патша үкіметі Батыс майданынан генерал Лаврентьевтің әскери корпусын жіберуінің өзі көтерілістің қандай ауқымды болғанын көрсетеді [3; 43].

Кеңес Одағы кезіндегі тарихи тұжырымдамаға сүйенсек, Ресейдің экономикасы соғыс басталысымен құлдырап, осы жағдай революциялық ахуал туғызды деп дәлелденетін. Шын мәнінде, соңғы деректерге жүгінсек, Ресей экономикасында құлдыраудың орнына өрлеу байқалады. Мысалы, 1913 жылы экономиканың деңгейін 100 % алсақ, 1914 ж. осы деңгей — 101,2 %; 1915 ж. — 113,7 %; 1916 ж. — 121 % құрады. Ал дағдарыстың белгілер 1916 жылдың аяғында ғана байқала басталды.

Экономиканың салаларын бір қалыпта дамытуға патша үкіметінде қаржы жетіспеді. Соғыс кезінде шетелдік инвестиция күрделі түрде азайды. Осы және тағы басқа себептерге байланысты Ресейдің сыртқы борышы үш есеге көбейді. Темір жол транспортының нашар жұмысы экономикадағы проблемаларды одан сайын көбейтті. Қару-жарак, азық-түлік, басқа тауарлар уақытында жеткізілмейтін болды. Мысалы, 1916 жылдың қаңтар айында вагондардың жоқтығынан 1 млн пұт астық Доннан Мәскеу мен Петроградқа жеткізілмей қалды. Осыған байланысты ірі қалаларда нан жетіспей карточкалар енгізіліп, нан кісі басына не бары күніне 200-400 грамнан берілетін болды. Әрине, бұл жағдай еңбекшілердің наразылығын күшейте түсті.

1917 ж. қаңтар айында Петроградтың, Мәскеудің және басқа өнеркәсіп орталықтарының жұмысшылары солшыл партиялардың шақыруымен «қанды жексенбінің» 12 жылдығын көптеген ереуілдермен, шерулермен және митинглермен атап өтті. 9 қаңтарда басталған ереуіл сол кездегі ең ірі ереуіл болды. Оған Петроград пен Мәскеуден басқа, Харьков, Луганск, Баку, Новониколаевск, Нижний Новгород қалаларының еңбекшілері белсенді қатысты. Қазіргі деректер бойынша, Ресейде 1917 жылдың қаңтарында — 371, ал ақпанында 959 ереуіл болып, оларға 700 мыңнан астам адам қатысқан [4; 379].

Революцияның жақындап келе жатқанын көпшілік сезсе де, II Николай патша және оның кейбір министрлері оған сене қойған жоқ. Революцияның болуына күмәнмен қарағандардың ішінде тіпті осы кезде Швейцарияда тұрған В. Ульянов-Лениннің өзі де болған сияқты. 1917 ж. қаңтар айында ол өзінің сөйлеген сөзінде «біз ескі буын өкілдері болашақ революцияны көре алмаймыз» деп өкініш білдіргені осыған дәлел [5; 74].

Бірақ революция әлдеқайда тез басталып кетті. 1917 ж. 22 ақпанында II Николай поезбен Могилев қаласында орналасқан Ставкаға жүріп кетті. Жолда халықтың көпшілігі императорға жылы лебіздерін білдіріп жатты.

Ал Петроградта ақпанның 23 күні (жаңаша 8 наурыз) мыңдаған жұмысшы әйелдер Халықаралық әйелдер күнін атаймыз деп ереуілге шықты. Олар «Нан берілсін!», «Соғыс жойылсын!», «Ерлерімізді қайтарыңдар!» деген ұрандар тастады. Кейін оларға көптеген жұмысшылар қосылды. Ең соңында 49 кәсіпорыннан қатысқан ереуілшілердің саны 128 мыңға жетті. Осы ереуіл нәтижесінде кейбір көшелерде қалалық транспорт тоқталып, дүкендер қиратылды. Соған байланысты әскердің көмегімен күн аяғында ереуілшілер қуып таратылды. Ал қаладағы жағдай осы уақытта жүріп жатқан Думаның мәжілісінде қарала бастады.

24 ақпанда үкімет әскерлері ереуілшілерді қаланың орталығына кіргізу үшін көшелерді бақылауыға алды. Бірақ 200 мыңнан астам ереуілшілер, соның ішінде оларға қосылған студенттер Нева проспектіне шығып, осында тұрған солдаттар мен казактарды өздеріне қосылуға шақырды. Стихиялық түрде өткізіліп жатқан митинглерде патша үкіметімен оның министрлерін қатты сынға алды.

25 ақпанның кешінде патша өзінің Могилевтегі Ставкасынан Петроград әскери округының қолбасшысы генерал Хабаловқа: «Астанадағы тәртіпсіздіктер ертеңнен қалмай тыйылатын болсын деп жарлық етемін!» — деп үзілді-кесілді бұйрық жіберді. Тіпті осы сын сағатта император бұл енді «тәртіпсіздік» емес, халық революциясы екенін түсінбеген сияқты. Бұйрықты алысымен Хабалов 26 күні қаланың орталық көшелеріне әскерлер кіргізді және митинглерге, шерулерге тыйым салды. Соған қарамастан, мыңдаған жұмысшылар, студенттер, гимназистер, әртекті қала тұрғындары Знамен

алаңына жиылып, митинг өткізді. Оған қатысушылар «Соғыс жойылсын!», «Патша жойылсын!», «Нан мен бейбітшілік!» деген ұрандарды қолдады. Бұрынғы күндері әскерлер қару қолданбаса да, енді олар шерушілерге оқ атты. Соның негізінде алаңда 30 астам адам қаза тапты. Осы кезде солдаттар арасында қобалжу басталып, ең соңында Павлов полкінің солдаттары шерушілерді қолдап, жандармдарға қарсы оқ атты [6; 186].

26 күні кешке кейбір социалистік партия өкілдері — меньшевиктер, эсерлер, районралықтар және большевиктер өздерінің біріккен отырыстарын өткізіп, алдағы мақсаттарын белгіледі. Өздерінің шешімдерінде олар жаппай еруілді жалғастырып, керек кезінде қарулы көтеріліс арқылы революциялық үкімет құруға келісті. Сонымен қатар 1905 жылғы сияқты Кеңестерді құру мәселесі күн тәртібіне қойды [7; 173].

Ақпан айының 27 күні революциялық оқиғалардың шешуші кезеңі болды. Себебі астанада орналасқан әскерлердің арасында қобалжу басталып, солшыл партиялардың үгіт жұмысы арқылы олар көшеге шықты. Ашық көтерілісті бірінші болып Волын, ал содан кейін Литван, Преображенск сияқты әйгілі полктардың солдаттары бастады. Олардың үлгісімен көшеге басқа әскери құрамалар шығып, ереуілге көтерілген қала халқымен қосылды. Бұл революцияның дамуындағы бет бұрыс оқиға еді.

Кешке қарай көтерілісшілерді Петроград гарнизонының жартысынан астамы 50 мыңдай солдаттары қолдап, революциялық оқиғаларға белсенді қатысты. Көтерілісшілер полицей учаскелерін басып алып, арсеналдардағы қару-жаракты қолға түсіріп, кейбір түрмелердегі адамдарды босатып жіберді. Сонымен қатар полицейлер мен офицерлерді шұғыл түрде жазалау, дүкендерді тонау, лавкаларды қирату, сот үйлеріндегі іс қағаздарды жою және тағы басқа әрекеттер кең етек алды.

Осы кезде жүріп жатқан шерулер мен митингтерде «Самодержавие жойылсын!», «Демократиялық революция жасасын!» деген ұрандар тасталып жатса, соған орай үйлердегі, көшелердегі патша рәміздері алына бастады. 27 күнінің орта кезінде мыңдаған солдаттар мен жұмысшылар Таврия сарайына келіп, осындағы Дума делегаттары, завод-фабрикалардың өкілдерімен кездесті. Соның нәтижесінде социалистердің ұсынысымен жұмысшылардың Уақытша Атқару Кеңесі құрылды. Оның құрамына белгілі социал-демократтар мен эсерлер: Н.Чхеидзе, А.Керенский, М.Скобелев, Н.Суханов, Э.Соколовский, П.Красиков, П.Александрович, Н.Соколов, К.Гриневич, П.Залуцкий және А.Шляпников, Н.Капелинский, Г.Панков, К.Гвоздев кірді. Осы кезде бұрын патша таратқан Мемлекеттік думаның делегаттары қайта жиылып, өздерінің мәжілістерін бастады. Ең соңында көптеген пікірталасан кейін, «Мемлекеттік дума мүшелерінің Уақытша комитеті» деген ерекше орган құрылып, оған басқарушы өкілеттік берілді. Комитет төрағасы болып М.Родзянко сайланып, оның құрамына прогрессивтік блоктың басшылары П.Милуков, Н.Некрасов, А.Коновалов, С.Шидловский, В.Шульгин, И.Дмитрюков, М.Караулов, В.Львов, В.Ржешевский және революциялық демократияның өкілдері ретінде меньшевик Н.Чхеидзе, трудовик А.Керенский кірді. Осыдан кейін «Уақытша Дума Комитеті» астанадағы және мемлекеттегі билікті өз қолына алу үшін бірқатар шаралар қолдануға тырысты. Мысалы, телеграф және транспортқа бақылау енгізіп, мемлекеттің көптеген аймақтарына революцияның басталғаны және патша үкіметінің құлағаны туралы телеграммалар жіберіп, өздерінің жарлықтарына бағынуға талап қойды [8; 41].

Патша үкіметінің басшысы князь Голицын өздерінің отставкаға кететіні туралы хабарлағаннан кейін, Ставкадағы патша Хабаловтың орнына генерал Н.Ивановты тағайындап, қосымша жіберілетін әскерлердің көмегімен Петроградта қатал тәртіп орнату туралы жарлық шығарады. Осының өзі астанадағы және бүкіл елдегі жағдайды патша жөнді білмегенін байқатады. Шынында да, бұл кезде «Ресейде патша да, дума да, Министрлер Кеңесі де болған жоқ. Тәртіпсіздік нағыз революцияның бет-бейнесін көрсетті», — деп кейін өзінің мемуарында П.Милуковтың жазуы, сол кездегі саяси жағдайды дұрыс көрсеткенін мойындау керек сияқты.

28 ақпан күні патша поезбен Ставкадан Петроградқа шығады. Бірақ императордың өміріне қауіп төніп тұр деген лақап сөздерден кейін, ол 1 наурыз күні Псков қаласына тоқтады. Осы жерде әскери адамдардың қысымымен және осында келген Дума өкілдері И.Гучков пен В.Шульгиннің Дума атынан айтқан талаптары бойынша 1917 ж. 2 наурызының кешінде император II Николай өзінің «тақтан бастартуы» туралы құжатқа қол қойды [9; 352]. Келісім бойынша, оның мұрагері боп інісі ұлы князь Михаил ұсынылады. Биліктен бастартқан император Гучковтың өтініші бойынша жаңа үкімет басшысы етіп князь Г.Львовты, Орыс армиясының бас қолбасшылығына ұлы князь Николай Николаевичті, ал Петроград округының басшылығына генерал Л.Корниловты тағайындайды. Осы

оқиғадан кейін патшаның өз күнделігінде: «Маңайымда сатқындық, қорқақтық және алдампаздық», — деп жазуы сол кездегі жағдайын айқын көрсеткендей. Ал 3 наурыз күні мұрагер болып қалған ұлы князь Михаил өзінің Ресей тағынан бастартатыны туралы жариялайды. Әрине, бұл шешімге Михаилды осы кездегі мемлекетте қалыптасқан саяси жағдайдың итермелегеніне күмән жоқ. Осылай 300 жылдан астам уақыт Ресейді басқарған Романовтар әулетінің билігі аяқталды. Сөйтіп, монархияны жою Ақпан революциясының басты саяси нәтижесі деп айтуға болады.

Патша биліктен бастартысымен 2 наурыз күні Уақытша Дума комитеті мен Петроград Кеңесінің Атқарушы Комитеті біріккен отырысында Уақытша Үкіметті құру туралы шешім қабылдады. Уақытша Үкімет басшысы болып Ресейдің Земство комитетінің төрағасы князь Г. Львов тағайындалып, онын құрамына сыртқы істер министрі болып-кадет П. Миллюков, әскери-теңіз министрі октябрист А. Гучков, сауда және өнеркәсіп министрі прогрессист А. Коновалов тағайындалды. Жана үкіметке «солшыл партиялар» атынан А. Керенский кірді. Ол әділет министрі қызметін атқаратын болды. Осылай Ақпан революциясының негізінде Ресейдің билігіне буржуазиялық Уақытша Үкімет келіп, өзінің қызметін бастады [10; 445].

Сонымен қатар Ресейдің көптеген қалаларында, аймақтарында солшыл партиялардың ықпалымен жұмысшылар, шаруалар және солдаттар депутаттарының Кеңестері құрыла бастады және олармен Уақытша Үкімет есептесуге мәжбүр болды. Әсіресе Петроград Кеңесінің ролі осы күндері ерекше айқындалды. Осыған орай Кеңес Одағы кезіндегі ресми тарихнамада ақпан мен шілде айларының арасындағы кезенді қосүкімет кезеңі деп көрсетті. Шын мәнісінде, қандай ықпалы болса да, Кеңестерді заңды екінші үкімет деп есептеуге болмайды. Себебі, олардың қызметі Бүкілресейлік деңгейде әлі заңдастырылмаған еді. Қазіргі уақытта қосүкімет проблемасы бойынша тарихшылар арасында көптеген пікірталас кең түрде жүріп жатыр.

Петроградтан кейін шерулер және ереуілдер Мәскеу қаласында өтіп, ең соңында, олар жалпы көтеріліске ұштасып, 1 наурызда революция Ресейдің екінші астанасында да жеңіп шықты. Осы күндері Кронштадт және Гельсингфорс қалаларындағы көтерілістер сәтті аяқталды. Жалпы алғанда наурыз-сәуір айларында Уақытша Үкіметтің билігі Украина, Теріскей Кавказ, Қазақстан және Орта Азияға тарай бастады. Сонымен қатар бұл аймақтарда әртүрлі Кеңестер құрылды [11; 133].

Ақпан революциясының зор тарихи маңызы болды. Себебі Ресейде самодержавиені түпкілікті жойды, әр партиялардың өкілдері кірген Демократиялық үкімет билікке келді, барлық саяси партиялар ресми түрде өздерінің қызметтерін атқара бастады. Қысқа мерзімде Ресей алдыңғы қатарлы демократиялық мемлекеттердің қатарына қосылды. Ал өзінің сипаты бойынша Ақпан оқиғалары шын мәнінде халықтық революция болды. Өйткені оған көптеген топтар мен саяси партия өкілдері қатысып, бүкіл халық патша үкіметіне қарсы күрес жүргізді. Бірақ революциядан алған кеңшілік Ресейде саяси күресті ұшықтыра түсіп, ең соңында солшыл-экстремистік бағыттағы саяси күштерге заңды үкіметке қарсы күрес жүргізуге мүмкіндік жасады. Осыған орай сол кездегі белгілі философ Ф. Степунның «Орыс революциясының бостандыққа деген ұмтылысы ең басынан бүліншілікке ерік берді» деген сөзі ақиқаттан алыс емес еді.

#### Әдебиеттер тізімі

- 1 Верт Н. История Советского государства. 1990-1991 / Н. Верт; пер. с фр. — 2-е изд. — М.: Прогресс-Академия, 1995. — 543 с.
- 2 Адамбеков Б.К. XX ғасырдағы Ресей империясы, Кеңес мемлекеті және ТМД тарихы: оқу құралы / Б.К. Адамбеков. — Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2005. — 56 б.
- 3 История Казахстана: очерк. — Алматы: Дәуір, 1993. — 414 б.
- 4 Пособие по истории СССР. — М.: Высш. шк., 1987. — 735 с.
- 5 Карр Э. История Советской России. — Кн. 1. — Т. 1, 2: Большевицкая революция. 1917-1923 / Э. Карр; пер. с англ. — М.: Прогресс, 1990. — 764 с.
- 6 Новейшая история Отечества. XX век: учебник для вузов: [В 2-х т.] / под ред. А.С. Киселева. — М.: Владос, 1998. — 486 с.
- 7 Новейшая история Отечества. XX век. — Кн. 2. / под ред. Э.М. Шагина, А.В. Лубкова. — М.: Владос, 2004. — 463 с.
- 8 Соколов А.К. Курс советской истории 1917-1940: учеб. пос. / А.К. Соколов. — М.: Высш. шк., 1999. — 271 с.
- 9 Орлов А.С. История России: учебник / А.С. Орлов, В.А. Георгиев, Н.Г. Георгиева, Т.А. Сивохина. — М.: Проспект, 1997. — 544 с.

10 История России: [в 2-х т.]. Т. 2: С начала XIX века до начала XXI века / под ред. А.Н.Сахарова. — М.: АСТ; Астрель; Транзиткнига, 2006. — 862 с.

11 Островский В.П. История России. XX век / В.П. Островский, А.Н. Уткин. — М.: Дрофа, 1995. — 512 с.

Б.К. Адамбек

## Февральская революция в России 1917 года

В статье показано, что в результате внешней и внутренней политики к концу 1916 г. в России возникла революционная ситуация. Раскрываются главные ее причины — политический кризис, ухудшение социального положения народа, участие России в мировой войне, национально-освободительное движение в стране, беспомощность самодержавия и его правительства. Автор, опираясь на многие исторические источники, описывает развитие и успешное осуществление Февральской революции. Падение в России, после 300-летнего правления, самодержавия и приход к власти поддержанного буржуазными партиями Временного правительства стали закономерным итогом политической обстановки того времени. Автор отмечает важное историческое значение Февральской революции как начала в России нового демократического развития.

*Ключевые слова:* революция, совет, Дума, правительство, самодержавие, забастовка, война, комитет, демократия, партия.

B.K. Adambek

## The February revolution in Russia in 1917

The article proves that the prevailing external and internal situation by the end of 1916 led to the emergence of a revolutionary situation in Russia. Specifically, its main causes are revealed: the political crisis, the deterioration of the social position of the people, Russia's participation in the world war, the national liberation movement in the country, the helplessness of the autocracy and its government. At the same time, the author, relying on many historical sources, shows the beginning of the February revolution, its development and successful implementation. Summarizing, the article proves that the fall in Russia after the 300-year rule of the autocracy and the coming to power of the Provisional Government, supported by the bourgeois parties, became a virtual result of the political situation of that time. Showing the events of the February Revolution as the beginning of a new democratic development in Russia, the author notes in this article the important historical significance of this revolution.

*Keywords:* Revolution, Council, Duma, government, autocracy, strike, war, committee, democracy, party.

## References

- 1 Vert, N. (1995). *Istoriia Sovetskoho gosudarstva. 1990-1991 [History of the Soviet state]*. (2d ed.). Moscow: Prohress-Akademiia [in Russian].
- 2 Adambekov, B.K. (2005). *XX hasyrdahy Resei imperiiasy, Kenes memleketi zhane TMD tarihy [The Russian Empire of the twentieth century, the Soviet state and the history of the CIS]*. Karaganda: KarMU baspasy [in Kazakh].
- 3 *Istoriia Kazakhstana* (1993) [History of Kazakhstan]. Almaty: Daur [in Russian].
- 4 *Posobie po istorii SSSR* (1987). [A handbook on the history of the USSR]. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 5 Karr, J. (1990). *Istoriia Sovetskoi Rossii [History of Soviet Russia]*. (Vol. 1, 2). Bolshevistskaia revoliutsiia. 1917-1923. Moscow: Prohress [in Russian].
- 6 Kiseleva, A.S. (Eds.). (1998). *Noveishaia istoriia Otechestva. XX vek [The newest history of the Motherland]*. (Vol. 2). Moscow: Vlados [in Russian].
- 7 Shchagina, Je.M., & Lubkova, A.V. (Eds.). (2004). *Noveishaia istoriia Otechestva. XX vek [The newest history of the Motherland. The twentieth century]*. (Vol. 2). Moscow: Vlados [in Russian].
- 8 Sokolov, A.K. (1999). *Kurs sovetskoi istorii 1917-1940 [The course of Soviet history 1917-1940]*. Moscow: Vysshiaia shkola [in Russian].
- 9 Orlov, A.S., Georgiev, V.A., Georgieva, N.G., & Sivohina, T.A. (1997). *Istoriia Rossii [History of Russia]*. Moscow: Prospekt [in Russian].
- 10 Saharov, A.N. (Eds.). (2006). *Istoriia Rossii. S nachala XIX veka do nachala XXI veka [History of Russia]*. (Vol. 1, 2, Vol. 2). Moscow: AST; Astrel; Tranzitkniha [in Russian].
- 11 Ostrovskij, V.P., & Utkin, A.N. (1995). *Istoriia Rossii. XX vek [History of Russia. The twentieth century]*. Moscow: Drofa [in Russian].